

Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 шілдедегі N 667 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.10.12. N 934 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.10.12. N 934 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялау ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай шешімдерінің күші жойылды
д е п т а н ы л с ы н :

1) "Жолаушылар мен жүктерді әуе көлігімен тасымалдауды және Қазақстан Республикасының әуежайларында әуе кемелеріне, жолаушыларға және жүктерге қызмет көрсетуге байланысты әуежайлық қызметтерді лицензиялау туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 шілдедегі N 1150 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 3 4 , 3 1 0 - қ ұ ж а т) ;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 шілдедегі N 1150 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 сәуірдегі N 279 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 10, 73-құжат).

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 7 ш і л д е д е г і
N 6 6 7 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

**Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы
саласындағы қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялау
ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласындағы қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялау ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына, "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына сәйкес әзірленген.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.09. N 533 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы Ереже азаматтық авиация саласындағы қызметтің лицензияланатын түрлеріне біліктілік талаптарын белгілейді және уәкілетті органның лицензия беру тәртібін анықтайды.

2. Міндетті лицензиялауға жататын қызмет түрлері

3. Азаматтық авиация саласында міндетті лицензиялауға қызметтің мынадай түрлері жатады:

- 1) әуе көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдау;
- 2) авиациялық жұмыстар;
- 3) қауіпті жүктерді тасымалдау;
- 4) алынып тасталды
- 5) алынып тасталды

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.09. N 533 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қызметтің лицензияланатын түрлеріне қойылатын біліктілік талаптары

4. Әуе көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру құқығына лицензия:

1) уәкілетті орган берген қолданылып жүрген азаматтық әуе кемесі пайдаланушысының сертификаты болуы.

Шетел азаматтарына немесе заңды тұлғаларға қатысты шетелдік мемлекеттің құзыретті билік органдары беретін және Қазақстан Республикасында белгіленген талаптарға жауап беретін пайдаланушының сертификаттары немесе оларға ұқсас құжаттар танылады;

2) Қазақстан Республикасында немесе басқа мемлекетте мемлекеттік тіркеуден өткен және уәкілетті орган немесе шетелдік мемлекет берген Қазақстан Республикасында жарамды деп танылған қолданыстағы ұшу жарамдылығы сертификаттары бар әуе кемелерін пайдалануы;

3) Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген тәртіппен міндетті сақтандырудың түрлерін қамтамасыз етуі;

4) санитарлық қадағалау органдарының қорытындысы болуы;

5) тұрақты халықаралық тасымалдарды жүзеге асыру үшін тұлғаның қ о с ы м ш а :

а) Халықаралық азаматтық авиация ұйымында (ИКАО) авиакомпанияның тіркелгені туралы куәлігі;

б) пайдалану мақсаты үшін үш әріпті (ИКАО) коды;

в) халықаралық жолаушылар және жүк тасымалдарын ресімдеу үшін тасымалдау құжаттамасының белгіленген тізбесі болуы тиіс тұлғаға беріледі.

5. Авиациялық жұмыстарды жүзеге асыру құқығына лицензия осы Ереженің 4-тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген талаптарға сәйкес болуы тиіс т ұ л ғ а ғ а б е р і л е д і .

Авиациялық-химиялық жұмыстарды жүзеге асыру үшін тұлғада қосымша санитарлық қадағалау органдарының қорытындысы болуға тиіс.

Ескерту. 5-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.05.29. N 600 қаулысымен .

6. Қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру құқығына лицензия осы Ереженің 4-тармағының 1)-4) тармақшаларында көрсетілген талаптарға сәйкес болуы тиіс тұлғаға беріледі.

7 . < * >

Ескерту. 7-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.06.09. N 533 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8 . < * >

Ескерту. 8-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.06.09. N 533 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Қызметтің лицензияланатын түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін қажетті құжаттар

9. Қызметтің лицензияланатын түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензияны ресімдеу үшін өтініш беруші азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нысан бойынша өтінішті;

2) осы Ереженің 4-6-тармақтарында көрсетілген қызметтің осы түріне арналған біліктілік талаптарына өтініш берушінің сәйкестігін растайтын құ ж а т т а р д ы ң к ө ш і р м е л е р і н ;

3) лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.09. N 533 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Лицензияны беру туралы өтінішті қарау мерзімдері

10. Егер заңнамалық кесімдерде өзгеше мерзім белгіленбесе, лицензияны барлық қажетті құжаттарымен өтінішті берген күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін - он күндік мерзімнен кешіктірмей азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті орган береді.

6. Лицензиялық алым

11. Азаматтық авиация саласындағы қызметтердің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымдар ставкасы Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес белгіленеді. Лицензиялық қызметпен айналысудың барлық кезеңіне берілетін лицензия лицензияны беру сәтіндегі лицензиялық алымның бір жолғы төлемімен жүзеге асырылады.

7. Лицензияның әрекет ету шарттары

12. Лицензияның әрекет ету шарттары, соның ішінде лицензия беруден бас тарту, лицензияның әрекетін тоқтату, лицензияны қайтарып алу және оның қолданылуын тоқтата тұру тәртібі "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.